

## 2-ТОҚСАНБОЙЫНШАЖИЫНТЫҚБАҒАЛАУ

Қазақ тілі 6- сынып

**Білім алушының аты-жөні:**

**Күні:**

**Бөлімдері:** Астана – мәдениет пен өнерордасы..Лексика

**Тарихитұлғалар..Лексика**

Оқу мақсаттары:

6.2.1.1 - мәтіннен негізгіжәне қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру

6.4.3.1 – неолгизм, термин, диалект, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу;

6. 3.4.1 - эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерінжүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеусебептерінайқын көрсетіпжазу(«келісу,келіспеу»эссесі)

**Ұзақтығы:**40

Оқылым – 15

Жазылым– 25

**Балл саны: 15**

**Тапсырмалар**

**түрлері**

Көп таңдауыбар

сұрақтар

Қысқа жауапты қажет

ететінсұрақтар Толықжауапты

қажет ететінсұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 2 компоненттен тұрады:

Біріншісі - оқылым және әдеби тіл нормаларын, екіншісі -жазылым және әдеби тіл нормаларын тексеруге арналған.

## Оқылым тапсырмасы

### 1- тапсырма. Мәтіндерді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз

#### 1- мәтін

«Астана-Бәйтерек» монументі – елордамыз Астана қаласының негізгі нышаны, оның визитті карточкасы деуге болады. Жалпы, бәйтерек – ежелгі таным бойынша, тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жер асты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, «бәй» - үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде - дарак) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек «Бәйтерек» екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. Оның идеясында «Самұрық» қасиетті құсы туралы ежелгі қазақ аңызы жатыр. Қанатымен аспанды жауып, «Самұрық» тұр. Бәйтерек тіршілік тірегіне қарай ұшып келеді. Бәйтеректің ортасында өмір мен үміт беретін алтын жұмыртқа Күнге негіз салуда. Ал астында, тамырында айдаһар орналасып, түн мен қысты шақыруда. Монумент ұзын темірлі құрылымдардан, шыныдан, металдан, бетоннан тұрғызылған. Алып шардың түсі хамелеон шынылармен көмкерілген. Күннің шапағына шағылысып, әртүрлі түске құбылып тұрады.

#### 2- мәтін

Қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклортанушысы Уәлиханов Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы (1835-1865) жақсы суретші де болған.

Ғалымның бай мұраларының бір бөлігін бейнелеу өнері саласындағы еңбектері құрайды. Ол негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Өз еңбектерін суретпен толықтырып отырған ол көбінесе акварель, майлы бояумен, ал кейде тушь, қалам, сиямен жұмыс істеген. Суретшілік өнерді ешқайдан арнайы үйренбесе де, оның суреттерінде кәсіби шеберлерге тән қолтаңба байқалады. Бұл Шоқанның табиғи дарынының ерекше бір қырын байқатады. Қазіргі уақытта Шоқаннан бізге мұра боп қалған 150-ге тарта сурет бар. Оның қолынан шыққан суреттердің біразы ХІХ ғасырдың 60-шы жылдары «Всемирная иллюстрация», «Искра», «Русский художественный лист» секілді беделді басылымдарда жарияланған. Шоқан өзінің күнделіктерін, жолжазбаларын суретпен көркемдеп, көрнекі материалмен толықтырып отырған. Ол сондай-ақ тастағы жазуларды, ондағы көне заманның суреттерін қағазға айнытпай түсіру арқылы кейінгі ұрпақтың сол жазуларды оқуына жағдай жасаған.

*«Алашайнасы» газеті 20 мамыр 2009 жыл*

#### 1. 1- мәтіндегі негізгі ақпараттың бірі

[1]

- A) Самұрық – қасиетті құс.
- B) Бәйтерек – кішкене ағаш
- C) Алып хамелеон шар
- D) Бәйтерек – Астананың визиткасы.
- E) Монумент – дарак мағынасында

**2. Оқылым мәтіндерінде кездесетін термин сөздер [1]**

- A) Дарақ, жолжазба
- B) Акварель, тушь
- C) Қалам, майлы бояу
- D) Пейзаж, шар
- E) Шыны, қолтаңба

**3. 2- мәтіндегі негізгі тірек сөздердің бірі [1]**

- A) Байқалған қолтаңба
- B) Халықтың тұрмысы
- C) Бейнелеу өнері
- D) Тастағы жазулар
- E) Бай мұралар

**2- тапсырма.**

**1.. Мағынасы тұрпайы, дөрекі сөздерді сыпайылап айту.**

- A. Дисфемизм B. Табу C. Эвфемизм D. Көнерген сөздер E. Неологизмдер

**2. Тілдегі жалпыхалықтық сипат алмаған белгілі бір аймақта ғана ауызекі тілде қолданылатын сөздер.**

- A. табу сөздер B. кірме сөздер C. көнерген сөздер D. диалект сөздер E. кәсіби сөздер

**3. Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған неологизмді көрсетіңіз.**

- A. шаруа қожалығы B. еуропалықтар C. зияткер D. төлқұжат E. ұшақ

**4. Төменде берілген қатарлардан химия терминдерін көрсетіңіз**

- A. катализ, ерітінді B. лексикография, дирижер C. зілтемір, бокс D. морфема, фонема  
E. штаб, препарат

**5. Бау-бақша, суармалы егіске байланысты сөздер**

- A. әңгелек, кемпір қауын B. қауашақ қоза, шит егу C. кеніш, шөктірме  
D. азна, қаяз E. сүдігер айдау, қозапая

**6. Мифтік наным-сенім бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер**

- A. дисфемизм B. көнерген сөздер C. табу сөздер D. архаизмдер E. көнерген сөздер

**7. Кемсіту, қорлау, жаратпау ұғымын тудыратын сөздер**

- A. Эвфемизм B. көнерген сөздер C. дисфемизм D. архаизм E. историзм

**3- тапсырма. Жазылым тапсырмасы.**

Берілген екі тақырыптың біреуін таңдап, **абзац** түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп эссе жазыңыз.

**Көлемі 90-100** сөз

**[5]**

1. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Сонымен қатар астаналар арасында әлемдегі ең суық қала саналады. Астана суық ауа райына қарамастан, мәдениет пен өнердің ордасына, сұлулықтың символына айналды. Өсіп-өркендеймін деуге ешқандай ішкі немесе табиғи факторлардың әсері болмайтынына келісесіз бе? Өз ойыңызды нақты дәлелдермен беріңіз.

2. Қазақ халқында елге елеулі еңбегі сіңген тұлғалар көп. Оларға артында қалған ұрпақтары, халқы құрмет көрсетіп, есімдерінің өшпеуі үшін қала, көше, ауыл, мектеп атауларын беріп жатыр. Тұлғаларды осылай дәріптеу, расымен олардың есімдерінің өшпеуіне кепілдік бере ала ма? Өз ойыңызды жинақтап, нақты дәлелдермен жазыңыз.

#### Балл қою кестесі

Оқылым дағдысы	Тапсырма жауабы	Балл	Барлық балл
<b>1- тапсырма</b>		1	<b>10 балл</b>
		1	
		1	
<b>2- тапсырма</b> Оқылым мәтіндеріндегі негізгі және қосымша ақпараттарды табады		1	
		1	
		1	
		1	
		1	
		1	
		1	
<b>Барлығы</b>			
<b>Жазылым</b> Берілген екі тақырыптың біреуін таңдап, <b>абзац</b> түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп эссе жазады Көлемі 90-100 сөз	<b>Эссе құрылымын сақтайды</b>	1	<b>5 балл</b>
	<b>Тақырып ашылады</b>	1	
	<b>Дәлелдер келтіреді</b>	1	
	<b>Өз көзқарасын білдіреді</b>	1	
	<b>Сауатты жазады</b>	1	
<b>Барлығы</b>			<b>15 балл</b>